

"Қазақстан Республикасының ойын бизнес туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 8 тамыздағы № 227 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 17 тамыздағы № 373 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2018 жылғы 23 қарашадағы № 331 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2018 жылғы 23 қарашадағы № 76 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 27 қарашада № 17799 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 8 тамыздағы № 227 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 17 тамыздағы № 373 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14313 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 21 қазанда жарияланған) өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес казино қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын сақтаудың мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес ойын автоматтары залдарының қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын сақтаудың мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес букмекерлік кеңселер қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын сақтаудың мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес тотализаторлар қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың Қазақстан Республикасының ойын

бизнесі туралы заңнамасын сақтаудың мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы бекітілсін.";

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген 1-қосымша осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген 2 және 3-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 2 және 3-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 4 және 5-қосымшаларға сәйкес 4 және 5-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) қолданысқа енген күннен кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрықта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрі

Қазақстан Республикасының Ұлттық

экономика министрінің

міндетін атқарушы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика және

арнайы есепке алу жөніндегі

комитеті

_____ А.
Мұхамедиұлы

_____ Р. Дәленов

Мәдениет және спорт министрінің
2018 жылғы 23 қарашадағы № 331
және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2018 жылғы 23 қарашадағы № 76
бірлескен бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрінің
2016 жылғы 8 тамыздағы № 227
және Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2016 жылғы 17 тамыздағы № 373
бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 3-тармағына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес, және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидалары және тексеру парақтарының нысанына сәйкес Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) ойын бизнесі саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаумен жүргізу мақсатында тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеуге арналған.

2. Осы Өлшемшарттарда мына ұғымдар пайдаланылған:

1) бақылау объектілері – мемлекеттік бақылау субъектісінде меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде болатын, мемлекеттік бақылауға жататын мүлік мемлекеттік бақылау объектісі болып табылады;

2) бақылау субъектілері – қызметіне бақылау жүзеге асырылатын казино, ойын автоматтарының залдары, букмекерлік кеңселер, тотализаторлар қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалар (ойын бизнесі саласындағы лицензия қолданысының мерзімі өткенге дейін), заңды тұлғалар;

3) болмашы бұзушылықтар – елеусіз бұзушылықтар – "Ойын бизнесі туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңның (бұдан әрі – Заң) қолданылатын

заңдастырылған белгілер мен номинацияларының болуы бойынша, ойын мекемесінің жұмыс істеуі қағидаларын белгілеу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен күзет қызметін жүзеге асыруға лицензия алған жеке немесе заңды тұлғалармен шарттардың болуы жөніндегі мәліметтерді ұсыну жөніндегі талаптарын сақтамауға байланысты бұзушылықтар;

4) елеулі бұзушылықтар-ойын үстелдерін, ойын автоматтарын, бәс тігуді ұйымдастыру және өткізуге арналған жабдықтарды болуы бойынша, ойын автоматына технологиялық салынған ұтыстың белгіленген пайызын, ойын жабдығының, аппараттық-бағдарламалық кешеннің, бейнежазу жүйелерінің болуын орнатуға қатысты, ойын автоматтарын немесе олардың бөліктерін қабырғаларға, терезе мен есіктер ойықтарына монтаждауға тыйым салу бойынша Заңның талаптарын сақтамауға байланысты бұзушылықтар;

5) өрескел бұзушылықтар – міндетті резервтің болуы, ғимараттардың болуы (ғимарат, құрылыс, үй-жай бөлігі) бойынша, жиырма бір жасқа дейінгі Қазақстан Республикасы азаматтарының құмар ойындарына және (немесе) бәс тігуге қатысуына тыйым салу, ойын мекемелерінің орналасуы бойынша, мөлшерлемелер қабылдау бойынша, аппараттық-бағдарламалық кешен серверіне қойылатын талаптар, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтау, мемлекеттік органдардан түскен мәліметтердің болуы бойынша, жеке және заңды тұлғалардан расталған шағымдар мен өтініштер, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымдарды белгіленген мерзімде орындамау туралы мәліметтерді ұсыну бойынша Заңның талаптарын сақтамауға байланысты бұзушылықтар;

б) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – ойын бизнесі саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі - субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу ерекше тәртібі жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты қолданылады.

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 141-бабының 3-тармағына сәйкес құрылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жарты жылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

5. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің барынша жоғары көрсеткіші бар бақылау субъектісінің басымдығы.

6. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің мерзімділігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерге жүргізілетін талдау мен бағалаудың нәтижелері бойынша айқындалады және жылына ең көбі бір реттен аспайды.

2-тарау. Объективті өлшемшарттар

7. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелді бағалаудың жоғары дәрежесіне мынадай бақылау субъектілері (объектілер) жатады:

- 1) казино;
- 2) ойын автоматтары залы;
- 3) букмекер кеңселері;
- 4) тотализаторлар.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар

8. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мына кезеңдерді қолданумен жүзеге асырылады:

- 1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

9. Бақылау субъектісінің субъективті өлшемшарттарының тәуекел дәрежесін бағалау үшін мына ақпарат көздері пайдаланылады:

- 1) бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері;
- 2) бұрынғы бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері. Бұл ретте бұзушылықтардың ауыртпалық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмашы) тексеру парағында көрсетілген Заңнама талаптары сақталмаған жағдайда белгіленеді;
- 3) мемлекеттік органдардан келіп түскен мәліметтерді талдау нәтижелері;

4) бұзу фактісін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, құқықтарын ойын бизнесін ұйымдастырушылар бұзған жеке және заңды тұлғалардың расталған шағымдар мен өтініштердің болуы;

5) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жүргізу нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша берілген қорытынды құжаттар (анықтама, қорытынды, ұсынымдар және басқа).

10. Бақылау субъектілерінің тәуекел дәрежесін бағалау және оларды тәуекел дәрежесінің өрескел, елеулі, болмашы тобына жатқызу осы Өлшемшарттардың 1, 2-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Бір және одан да көп өрескел бұзушылықтар болған кезде тексерілетін субъектіге (объектіге) 100 көрсеткіші беріледі, бұл тексерілетін субъектіге (объектіге) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін негіздеме болып табылады.

Өрескел бұзушылықтар болмаған жағдайда, тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және елеусіз дәрежелер талаптарының жиынтық көрсеткіші есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP3 = (SP2 \times 100/SP1) \times 0,7,$$

мұнда:

SP3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SPH = (SP2 \times 100/SP1) \times 0,3,$$

мұнда:

SPH – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP1 - болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 - анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP3 + SPH,$$

мұнда:

SP - тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP3 - елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SPH - болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

12. Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша тәуекел дәрежесі жоғары бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі):

1) тәуекел дәрежесі 0-ден 60-қа дейінгі қоса алғанда көрсеткіш кезінде реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында белгіленетін мерзімге арналған жартыжылдық кестелер негізінде тексерулерді жүргізудің ерекше тәртібінен босатылады;

2) тәуекел дәрежесі 61-ден бастап 100-ді қоса алғанға дейінгі көрсеткіш кезінде жартыжылдық кестелер негізінде тексерулерді жүргізудің ерекше тәртібінен босатылмайды.

Қазақстан Республикасының
ойын бизнесі туралы заңнамасын
сақтаудың тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
I-қосымша

Казино және ойын автоматтары залдарының қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушыларына арналған Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

р/с №	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
Бөлім 1. Бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері		
1	Ұсынылған есептік нысандарда ұтыстың белгеленген пайызы туралы мәліметтердің болмауы (ойын автоматына технологиялық түрде салынған ұтыс пайызы тоқсан бес пайыздан төмен болмауға тиіс)	елеулі
2	Ұсынылған есептік нысандарда бейнежазу жүйелерінің техникалық жай-күйі туралы мәліметтердің болмауы (ойын мекемелерінің кассалары мен ойын орындары жазылған ақпаратты кемінде жеті тәулік сақтауды қамтамасыз ететін және құмар ойынына барлық қатысушылардың әрекеттерін тіркейтін бейне жазу жүйелерімен жабдықталуға тиіс)	елеулі
3	Ұсынылған есептік деректерде ойын үстелдерінің санын өзгерту, лицензия алу кезінде көрсетілген жабдықты ауыстыру туралы мәліметтердің болмауы (бір казинода кемінде отыз ойын автоматы орнатылуға тиіс)	елеулі
4	Ұсынылған есептік деректерде ойын үстелдерінің санын өзгерту, лицензия алу кезінде көрсетілген жабдықты ауыстыру туралы мәліметтердің болмауы (бір ойын автоматтары залдарында кемінде алпыс ойын автоматы орнатылуға тиіс)	елеулі
5	Ұсынылған анықтамаларда казино қызметін жүзеге асыру үшін банктік салым шартын жасасқан кезде ашылған банк шоттары бойынша ақшаның болуы туралы мәліметтердің болмауы (міндетті резервтер мөлшері 60000 айлық есептік көрсеткіш)	өрескел
6	Ұсынылған анықтамаларда ойын автоматтары залдары қызметін жүзеге асыру үшін банктік салым шартын жасасқан кезде ашылған банк шоттары бойынша ақшаның болуы туралы мәліметтердің болмауы (міндетті резервтер мөлшері 60000 айлық есептік көрсеткіш)	өрескел

7	Ойын бизнесін ұйымдастырушылардың есептілік кезеңнен кейінгі айдың 10 күнінен кешіктірмей тоқсан сайын үш айда кемінде бір рет банктік салым шартын жасасу кезінде ашылған банк шоттары бойынша ақшаның болуы және қозғалысы туралы анықтамаларды ұсынбау	өрескел
Бөлім 2. Бұрынғы бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері (ауыртпалық дәрежесі төменде көрсетілген талаптарды орындамаған кезде белгіленеді)		
2.1. Казино қызметін жүзеге асыратын субъектілер		
1	Есептілік деректерде мынадай ақпараттарды ұсыну туралы талаптарды сақтау: 1) ойын жабдығының, ойын автоматтарының техникалық жай-күйі туралы мәліметтер; 2) бейнежазу жүйелерінің техникалық жай-күйі туралы мәліметтер; 3) ойын автоматына технологиялық салынған ұтыстың белгіленген пайызы туралы мәлімет; 4) лицензия алған кезде көрсетілген ойын үстелдері санының өзгеруі, жабдықты ауыстыру туралы мәліметтер; 5) кассалар тізімі мен қызметкерлер саны туралы мәліметтер; 6) қызмет түрінен төленген жалпы салық сомасы туралы мәліметтер	елеулі
2	Бір казинода кемінде отыз ойын үстелін орнату бойынша талаптарды сақтау	елеулі
3	Казино ойын автоматтарын немесе олардың бөліктерін қабырғаларға, терезе мен есіктер ойығына монтаждауға салынған тыйым салу туралы талаптарды сақтау	елеулі
4	Тоқсан бес пайыздан төмен емес ойын автоматына технологиялық салынған ұтыс пайызына қатысты талаптарды сақтау	елеулі
5	Жазылған ақпаратты кемінде жеті тәулік сақтауды қамтамасыз ететін және барлық құмар ойындарға қатысушылардың іс-қимылын жазып отыратын бейнежазба жүйелерімен ойын мекемелерінің кассалары мен ойын орындарын жабдықтау бойынша талаптарды сақтау	елеулі
6	Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау, атап айтқанда: 1) қаржылық мониторингке, оның ішінде күдікті операцияларға жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүзеге асырған жағдайда, өз клиенттері (олардың өкілдері) мен бенефициарлық меншіктерге дұрыс тексеруді жүзеге асыру; 2) өз клиенттері (олардың өкілдері) мен бенефициарлық меншіктерге дұрыс тексеру жүргізу кезінде мына шараларды жүзеге асыру: жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді тіркеу, оның жеке басын куәландыратын құжаттар деректері, жеке сәйкестендіру нөмірі, сондай-ақ заңды мекенжайы, меншік бенефициарын анықтау және заңды мекенжайынан басқа оны сәйкестендіруге қажет мәліметтерді тіркеу; клиент (оның өкілі) және бенефициар меншігі туралы шынайылықты тексеру және мәліметтерді жаңарту; 3) ішкі бақылау қағидаларына сәйкес өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициар меншіктерін тиісті тексеруді жүзеге асыру	өрескел
7	Казино қызметін жүзеге асыру үшін үш жұлдыздан кем емес санаттағы қонақүй кешенінде санитариялық-эпидемиологиялық және өртке қарсы нормаларға сәйкес келетін меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі үйдің (үй, құрылыс, ғимарат бөліктерінің) болуы	өрескел
8	Казино қызметін жүзеге асыру үшін меншік құқығында ойын жабдығының болуы	елеулі
9	Күзет қызметін жүзеге асыруға лицензия алған жеке немесе заңды тұлғалармен шарттардың болуы	болмашы
10	Казино қызметін жүзеге асыру үшін қазақ және орыс тілдерінде қолданылатын заңдастырылған белгілер үлгілері мен номинацияларының болуы	болмашы

11	Ойын бизнесін ұйымдастырушының 60000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде казино қызметін жүзеге асыруы үшін міндетті резервтерді орналастыруға қойылатын талаптарды сақтауы	өрескел
12	Жиырма бір жасқа дейінгі Қазақстан Республикасы азаматтарының құмар ойындарға қатысуға тыйым салуды сақтамау	өрескел
13	Ойын мекемесі жұмысының, мөлшерлемелерді қабылдау және өткізілетін құмар ойындар, олармен құмар ойындарға қатысушылар танысу үшін ойын мекемелерінде көрінетін жерге орнатылған қазақ және орыс тілдерінде әзірленген қағидалардың бар болуы	болмашы
2.2. Ойын автоматтары залдарының қызметін жүзеге асыратын субъектілер		
1	Есептілік деректерде мынадай ақпараттарды ұсыну туралы талаптарды сақтау: 1) ойын жабдығының, ойын автоматтарының техникалық жай-күйі туралы мәліметтер; 2) бейнежазу жүйелерінің техникалық жай-күйі туралы мәліметтер; 3) ойын автоматына технологиялық салынған ұтыстың белгіленген пайызы туралы мәліметтер; 4) лицензия алған кезде көрсетілген ойын үстелдері санының өзгеруі, жабдықты ауыстыру туралы мәліметтер; 5) кассалар тізімі мен қызметкерлер саны туралы мәліметтер; 6) қызмет түрінен төленген жалпы салық сомасы туралы мәліметтер	елеулі
2	Ойын автоматтары залында кемінде алпыс ойын автоматын орнату жөніндегі талаптарды сақтау	елеулі
3	Ойын автоматтары залдарына ойын автоматтарын немесе олардың бөліктерін қабырғаларға, терезе мен есіктер ойығына монтаждауға салынған тыйым салу туралы талаптарды сақтау	елеулі
4	Тоқсан бес пайыздан төмен емес ойын автоматына технологиялық салынған ұтыс пайызына қатысты талаптарды сақтау	елеулі
5	Жазылған ақпаратты кемінде жеті тәулік сақтауды қамтамасыз ететін және барлық құмар ойындарға қатысушылардың іс-қимылын жазып отыратын бейнежазба жүйелерімен ойын мекемелерінің кассалары мен ойын орындарын жабдықтау бойынша талаптарды сақтау	елеулі
6	Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау, атап айтқанда: 1) қаржылық мониторингке, оның ішінде күдікті операцияларға жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүзеге асырған жағдайда, өз клиенттері (олардың өкілдері) мен бенефициарлық меншіктерге дұрыс тексеруді жүзеге асыру; 2) өз клиенттері (олардың өкілдері) мен бенефициарлық меншіктерге дұрыс тексеру жүргізу кезінде мына шараларды жүзеге асыру: жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді тіркеу, оның жеке басын куәландыратын құжаттар деректері, жеке сәйкестендіру нөмірі, сондай-ақ заңды мекенжайы, меншік бенефициарын анықтау және заңды мекенжайынан басқа оны сәйкестендіруге қажет мәліметтерді тіркеу; клиент (оның өкілі) және бенефициар меншігі туралы шынайылықты тексеру және мәліметтерді жаңарту; 3) ішкі бақылау қағидаларына сәйкес өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициар меншіктерін тиісті тексеруді жүзеге асыру	өрескел
7	Ойын автоматтары залы қызметін жүзеге асыру үшін санитариялық-эпидемиологиялық және өртке қарсы нормаларға сәйкес келетін меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі үйдің (үй, құрылыс, ғимарат бөліктерінің) болуы	өрескел
8	Ойын автоматтары залының қызметін жүзеге асыру үшін меншік құқығында ойын жабдығының болуы	елеулі
9	Күзет қызметін жүзеге асыруға лицензия алған жеке немесе заңды тұлғалармен шарттардың болуы	болмашы

10	Ойын автоматтары залының қызметін жүзеге асыру үшін қазақ және орыс тілдерінде қолданылатын заңдастырылған белгілер үлгілері мен номинацияларының болуы	болмашы
11	Ойын бизнесін ұйымдастырушының 60000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ойын автоматтары залдарның қызметін жүзеге асыруы үшін міндетті резервтерді орналастыруға қойылатын талаптарды сақтауы	өрескел
12	Жиырма бір жасқа дейінгі Қазақстан Республикасы азаматтарының құмар ойындарға қатысуға тыйым салуды сақтамау	өрескел
13	Ойын мекемесі жұмысының, мөлшерлемелерді қабылдау және өткізілетін құмар ойындар, олармен құмар ойындарға қатысушылар танысу үшін ойын мекемелерінде көрінетін жерге орнатылған қазақ және орыс тілдерінде әзірленген қағидалардың бар болуы	болмашы
Бөлім 3. Мемлекеттік органдардан түскен мәліметтерді талдау нәтижелері		
1	Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын бұзу фактілерімен мемлекеттік органдардан түскен мәліметтердің болуы	өрескел
Бөлім 4. Бұзу фактісін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, құқықтарын ойын бизнесін ұйымдастырушылар, жеке және заңды тұлғалар тарапынан түскен шағымдар мен өтініштердің болуы		
1	Бұзу фактісін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, құқықтарын ойын бизнесін ұйымдастырушылар бұзған жеке және заңды тұлғалардан бір және одан да көп шағымдар мен өтініштердің болуы	өрескел
Бөлім 5. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жүргізу нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша берілген қорытынды құжаттар (анықтама, қорытынды, ұсынымдар және басқа)		
1	Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау	өрескел

Қазақстан Республикасының
ойын бизнесі туралы заңнамасын
сақтаудың тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
2-қосымша

Букмекерлік кеңселер және тотализаторлар қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушыларға арналған Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежелерін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

р/ с №	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
Бөлім 1. Бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері		
1	Ұсынылған анықтамаларда букмекерлік кеңселер қызметін жүзеге асыру үшін банктік салым шартын жасасқан кезде ашылған банк шоттары бойынша ақшаның болуы туралы мәліметтердің болмауы (міндетті резервтер мөлшері 40000 айлық есептік көрсеткіш)	өрескел
2	Ұсынылған анықтамаларда тотализаторлар қызметін жүзеге асыру үшін банктік салым шартын жасасқан кезде ашылған банк шоттары бойынша ақшаның болуы туралы мәліметтердің болмауы (міндетті резервтер мөлшері 10000 айлық есептік көрсеткіш)	өрескел
	Ұсынылған анықтамаларда букмекерлік кеңселер қызметін жүзеге асыру үшін банктік салым шартын жасасқан кезде ашылған банк шоттары бойынша ақшаның қозғалысы	

3	туралы мәліметтердің болмауы (міндетті резервтер мөлшері 40000 айлық есептік көрсеткіш)	өрескел
4	Ұсынылған анықтамаларда тотализаторлар қызметін жүзеге асыру үшін банктік салым шартын жасасқан кезде ашылған банк шоттары бойынша ақшаның қозғалысы туралы мәліметтердің болмауы (міндетті резервтер мөлшері 10000 айлық есептік көрсеткіш)	өрескел
5	Ұсынылған есептік нысандарда бейнежазу жүйелерінің техникалық жай-күйі туралы мәліметтердің болмауы (ойын мекемелерінің кассалары мен ойын орындары жазылған ақпаратты кемінде жеті тәулік сақтауды қамтамасыз ететін және бәс тігуге барлық қатысушылардың әрекеттерін тіркейтін бейне жазу жүйелерімен жабдықталуға тиіс)	елеулі
6	Ойын бизнесін ұйымдастырушылардың есептілік кезеңнен кейінгі айдың 10 күнінен кешіктірмей тоқсан сайын үш айда кемінде бір рет банктік салым шартын жасасу кезінде ашылған банк шоттары бойынша ақшаның болуы және қозғалысы туралы анықтамаларды және есептілік нысандарын ұсынбау	өрескел
Бөлім 2. Бұрынғы бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері (ауыртпалық дәрежесі төменде көрсетілген талаптарды орындамаған кезде белгіленеді)		
2.1. Букмекерлік кеңсе қызметін жүзеге асыратын субъектілер		
1	Есептілік деректерде мынадай ақпараттарды ұсыну туралы талаптарды сақтау: 1) бейнежазу жүйелерінің техникалық жай-күйі туралы мәліметтер; 2) кассалар тізімі мен қызметкерлер саны туралы мәліметтер; 3) қызмет түрінен төленген жалпы салық сомасы туралы мәліметтер	елеулі
2	Букмекерлік кеңсе қасалары тұрғын үй емес үй-жайларда орналасуы бойынша талаптардың сақталуы. Оларды тұрғын үйлердің (тұрғын үй ғимараттарының) тұрғын үй емес үй-жайларында, өнеркәсіптік кәсіпорындарда және олардың кешендерінде, басқа коммуналдық және қойма объектілерінде, мәдени ғимараттарда (құрылыстарда), мемлекеттік органдар мен мекемелер ғимараттарында, білім беру ұйымдарында, денсаулық сақтау, мәдениет, әуежайлар, вокзалдар мекемелерінде, станцияларда және қалалық және қала сыртына көліктік қатынастың аялдамаларында орналастыруға тыйым салынады	өрескел
3	Жазылған ақпаратты кемінде жеті тәулік сақтауды қамтамасыз ететін және барлық құмар ойындарға қатысушылардың іс-қимылын жазып отыратын бейнежазба жүйелерімен ойын мекемелерінің кассалары мен ойын орындарын жабдықтау бойынша талаптарды сақтау	елеулі
4	Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау, атап айтқанда: 1) қаржылық мониторингке, оның ішінде күдікті операцияларға жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүзеге асырған жағдайда, өз клиенттері (олардың өкілдері) мен бенефициарлық меншіктерге дұрыс тексеруді жүзеге асыру; 2) өз клиенттері (олардың өкілдері) мен бенефициарлық меншіктерге дұрыс тексеру жүргізу кезінде мына шараларды жүзеге асыру: жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді тіркеу, оның жеке басын куәландыратын құжаттар деректері, жеке сәйкестендіру нөмірі, сондай-ақ заңды мекенжайы, меншік бенефициарын анықтау және заңды мекенжайынан басқа оны сәйкестендіруге қажет мәліметтерді тіркеу; клиент (оның өкілі) және бенефициар меншігі туралы шынайылықты тексеру және мәліметтерді жаңарту; 3) ішкі бақылау қағидаларына сәйкес өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициар меншіктерін тиісті тексеруді жүзеге асыру	өрескел
5	Аппараттық-бағдарламалық кешенге және алдағы тек нақты оқиғаларға есептелген коэффициенттер негізінде мөлшерлемелерді қабылдау бойынша букмекер кеңсесінің жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың талаптарды сақтау	өрескел
6	Аппараттық-бағдарламалық кешен жабдығы бойынша букмекер кеңсесінің жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың талаптарды сақтау	елеулі

7	Аппараттық-бағдарламалық кешен серверіне сәйкес бақылау-кассалық машиналардың мемлекеттік тізіліміне енгізілген компьютерлік жүйе болып табылатын бақылау-кассалық машинаның тіркеу режимін қамтамасыз ету талаптарын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың орындауы. Аппараттық-бағдарламалық кешен сервері Қазақстан Республикасының аумағында болуы тиіс	өрескел
8	Букмекер кеңесі қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың аппараттық-бағдарламалық кешен мен бәс тігуді ұйымдастыруға және өткізуге арналған жабдық арқылы жасалған мөлшерлемелердің жалпы сомасын қабылдауды, бірыңғай есепке алуды және бәс тігуге қатысушылардың мөлшерлемелерін өңдеу мен ұтысты төлеуді жүзеге асыруды және қамтамасыз етуді орындауы	елеулі
9	Бәс тігуді аяқтау нұсқаларына ұтыс коэффициенттер есебін, қабылданған мөлшерлемелерді есепке алуды, бәс тігу нәтижелері бойынша ұтыс есебін, ұтыстарды есепке алуды және оларды төлеуді жүзеге асыруды аппараттық-бағдарламалық кешен арқылы букмекер кеңесі қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушыларына қойылатын талаптарды сақтау	елеулі
